



«Республикалық
физика-математика
мектебі» КеАҚ Басқармасының
2024 жылғы 29 қарашадағы
№ 27 Хаттамасының шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

«РФММ» КеАҚ филиалдарының 7, 8-сыныптарында оқуға арналған білім грантын тағайындауға Конкурс арқылы іріктеу Ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Білім беру грантын тағайындауға конкурс ұйымдастыру және өткізу жөніндегі осы Қағидалар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Республикалық физика-математика мектебі» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – РФММ) Жарғысына, «РФММ» КеАҚ-нің Алматы және Астана қалаларындағы филиалдар туралы ережесіне сәйкес әзірленген және білім беру грантын тағайындауға үміткерлерді іріктеуді ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Ережелерге мынадай анықтамалар қолданылады:

үміткерлер – орта білім беру ұйымдарында оқитын және РФММ-нің 7, 8-сыныптарында білім алуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтары;

қабылдау комиссиясы – конкурс арқылы іріктеуді ұйымдастыру, өткізу және құжаттарды қабылдау жөніндегі комиссия;

онлайн-сауалнама – мектеп сайтының Қабылдау комиссиясы деп аталатын интернет-ресурсында (www.admissions.fizmat.kz) онлайн – тіркелу кезінде толтырылатын сауалнама үлгісі;

өтініш берушінің заңды өкілі – ата-аналар, асырап алушылар, қорғаншы, патронат тәрбиеші, асырап алушы ата-аналар, оларды алмастыратын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамқорлық жасайтын, оқытатын, тәрбиелейтін, баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауғайтын басқа да тұлғалар;

резервтік тізім – 1 (бір) тоқсан ішінде жарамды бос орындарға қабылдауға үміткерлердің тізімі.

1.3. Құжаттарды қабылдау және үміткерлерді конкурс арқылы іріктеуді ұйымдастыру үшін «РФММ» КеАҚ Басқарма төрағасының бұйрығымен Қабылдау комиссиясының Төрағасы тағайындалады және педагог қызметкерлер, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші қызметкерлерінен тұратын қабылдау комиссиясы құрылады. Өзге жағдайларда көшпелі комиссия құрылады.

2. Конкурсқа қатысуға тіркелу тәртібі

2.1. Тіркеу мерзімдері, өткізу орны және конкурстық іріктеудің өтетін күні және конкурс арқылы іріктеуден сәтті өткен үміткерлердің құжаттарын қабылдау мерзімі РФММ Басқармасының шешімімен белгіленеді және www.admissions.fizmat.kz сайтында жарияланады.

2.2. РФММ-ға түсуге арналған Конкурстық іріктеуге қатысу үшін өтініш беруші немесе оның заңды өкілі www.admissions.fizmat.kz сайтында онлайн – тіркелуі тиіс.

2.3. Онлайн–тіркеуден өту кезінде үміткердің дербес деректерін туу туралы куәліктегі/төлқұжаттағы деректерге сәйкес көрсетуі және туу туралы куәлікті, үміткердің фотосуретін және «Білімі туралы мәліметтер» электрондық құжатын жүктеу қажет.

2.4. Үміткердің фотосуреті онлайн-сауалнаманы толтыру кезінде көрсетілген талаптарға сай болуы керек. Олай болмаған жағдайда талапкер қабылдау емтиханын тапсыруға жіберілмейді.

2.5. Туу туралы куәлік және «Білімі туралы мәліметтер» электрондық құжаты eGov, Kaspi қосымшасында қолжетімді. Аталған құжаттар pdf форматында ұсынылады.

2.6. Көрсетілген мерзімде www.admissions.fizmat.kz сайтында онлайн тіркелуден өтпеген үміткерлер қабылдау емтиханына жіберілмейді.

2.7. Қабылдау емтиханының нәтижелері www.admissions.fizmat.kz сайтында келесі форматта жарияланады: талапкердің жеке коды (заңды өкілдің электрондық поштасына жіберіледі), үміткердің жинаған баллы, қабылдау комиссиясының шешімі.

2.8. Конкурстық іріктеуге қатысуға және білім беру грантына өтініш беруге Қазақстан Республикасының азаматтары ғана құқылы.

3. Конкурсты өткізу шарттары

3.1. Гранттарды тағайындау үшін РФММ-де оқуға арналған Конкурс: 7-сынып үшін – математика және логикадан; 8-сыныптар үшін – алгебра, геометрия, физика пәндері бойынша кешенді тестілеу бойынша өткізіледі.

3.2. Қабылдау комиссиясымен белгіленген конкурстық іріктеуді өткізу мерзімдері барлық үміткер үшін бірдей, ешқандай ерекшеліксіз.

4. Үміткердің конкурстық іріктеу кезінде өзін-өзі ұстау Ережесі

4.1. Үміткер емтихан тапсыратын жерге белгіленген күні, белгіленген уақытта кешікпей келеді. Кешігіп келген үміткерлер емтиханға жіберілмейді.

4.2. Үміткер өзін тәртіпті ұстайды және комиссияның жауапты мүшесі айтқан түсініктемелерін мұқият тыңдайды.

4.3. Бір орыннан екінші орынға көшуге, тапсырмалары бар парақтармен алмасуға, көшіруге, шпаргалка қолдануға, ұялы телефон пайдалануға жол берілмейді.

4.4. Ережелер бұзылған жағдайда және емтихан тапсыру кезінде үміткерден көшірме парақтары, оқу-әдістемелік әдебиеттері, ұялы телефондар анықталса үміткер емтихан тапсыру орнынан шығарылады, ал тестілеу нәтижелері жойылады. Инцидент бойынша хаттама толтырылады, Конкурста өзін-өзі ұстау ережелерін бұзған үміткерден тыйым салынған заттар табылған жағдайда емтихан тапсыру орнынан шығару туралы актісі жасалады (осы Қағидаларға Қосымша).

4.5. Үміткер емтихан тапсыру орнынан кабинет бойынша кезекшінің рұқсатымен ғана кете алады.

5. Конкурс өткізу тәртібі

5.1. 7-сыныпқа оқуға түсуге үміткерлерге арналған конкурстық емтихан математика және логика бойынша ашық типтегі тапсырмалар (жауап нұсқалары жоқ) тесті түрінде өткізіледі. Барлығы – 30 (отыз) тапсырма болады. А деңгейіндегі 10 тапсырма 3 балл, В деңгейіндегі 10 тапсырма 5 балл және С деңгейіндегі 10 тапсырма 7 балл бойынша бағаланады. Жалпы саны – 150 балл.

5.2. 8-сыныпқа оқуға үміткерлер үшін түсу емтиханы алгебра, геометрия және физика бойынша ашық типтегі (жауапсыз) тапсырмалардан тұратын тест түрінде өткізіледі. Жалпы тапсырмалар – 30, алгебра және геометрия бойынша – 20 тапсырма және физика бойынша 10 тапсырма. А деңгейіндегі 10 тапсырма 3 балл, В деңгейіндегі 10 тапсырма 5 балл және С деңгейіндегі 10 тапсырма 7 балл бойынша бағаланады. Жалпы саны – 150 балл.

5.3. Қабылдау емтиханын тапсыруға бөлінген уақыт 2 сағатты (120 минут) құрайды, ал жауап парағын толтыруға берілетін уақыт – 15 минут.

5.4. Емтихан материалдарын тарату және үміткердің аудиторияда өзін-өзі ұстау Ережелерін түсіндіру уақыты емтиханға бөлінген уақытқа кірмейді.

5.5. Үміткерге сауалнама-кітапшасы, жауап парағы және жауап парағының көшірмесі беріледі. Үміткер барлық қажетті есептеулерді сауалнама-кітапшасында орындайды, дұрыс жауаптарды жауап парағына енгізеді және оны өзімен бірге алып жүретін жауап парағының көшірмесіне жазып алады. Жауап парағының көшірмесі нәтижелерді дұрыс жауап кодтарымен салыстыру үшін ғана қажет және заңды күші жоқ.

5.6. Дұрыс жауаптар қабылдау емтиханы аяқталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде РФММ қабылдау комиссиясының www.admissions.fizmat.kz сайтында жарияланады.

5.7. Сынақ нәтижелерін тексеру және бағалау автоматтандырылған компьютерлік өңдеу әдісімен жүзеге асырылады.

5.8. Тестілеу нәтижелерін тексеру кезінде нәтижелер талапкердің жауап парағынан қарастырылады. Сауалнама кітапшасында белгіленген жауаптар есепке алынбайды.

5.9. Тестілеу нәтижелерін тексеру кезінде жауап парағын толтыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес белгіленген жауаптар ғана дұрыс жауап болып есептеледі.

5.10. Конкурс нәтижелері тестілеу аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланады және www.admissions.fizmat.kz интернет-ресурсында орналастырылады.

5.11. Конкурс арқылы іріктеу нәтижелері бойынша апелляция жүргізілмейді.

6. Тіркеу тәртібі

6.1. Білім беру грантын тағайындауға қабылданатын үміткерлердің тізімі қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде «РФММ» КеАҚ Басқармасының шешімімен бекітіледі.

6.2. «РФММ» КеАҚ филиалына қабылдау «РФММ» КеАҚ басқармасының шешімі, үміткердің заңды өкілінің өтініші және білім беру қызметтерін көрсету шарты негізінде мектеп директорының бұйрығымен ресімделеді.

6.3. Ашық қалалық Жәутіков олимпиадасының жеңімпаздары (I дәрежелі диплом); математика бойынша Эйлер атындағы республикалық олимпиадасының қорытынды кезеңінің жеңімпаздары (I дәрежелі диплом); математика бойынша Ш. Смағұлов атындағы республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңінің жеңімпаздары (I дәрежелі диплом); ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша (математика, физика және информатика пәндері бойынша) республикалық олимпиадасы қорытынды кезеңінің жеңімпаздары (ең жоғары баллмен); республикалық жасөспірімдер олимпиадасының (жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша) қорытынды кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері (I, II, III дәрежелі диплом); 6-сынып оқушыларына арналған республикалық оқушылар олимпиадасының (математика, жаратылыстану пәндері) жеңімпаздары мен жүлдегерлері (I, II, III дәрежелі диплом);

математика бойынша Халықаралық Жәутіков олимпиадасының жүлдегерлері, физика және информатика пәндері бойынша республикалық олимпиаданың жүлдегерлері (жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер); халықаралық олимпиадалардың жүлдегерлері (IBO, IMO, IOI, IChO, IPhO, IPO, IOAA, ILO, IGEO, EGMO) – конкурстан тыс сұқбаттасудан кейін «РФММ» КеАҚ филиалдарына қабылдануы мүмкін. Бұл ретте халықаралық олимпиадаларды қоспағанда, ағымдағы оқу жылындағы олимпиадалардың нәтижелері ескеріледі. Олимпиадалардың жеңімпаздары/жүлдегерлері қабылдау комиссиясына растайтын құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынады.

6.4. Қабылдау емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін конкурстан сәтті өткен үміткердің заңды өкілдері белгіленген мерзімде (конкурс нәтижелері жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң) мектепке келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) ЖСН көрсетілген туу туралы куәліктің/төлқұжаттың көшірмесі;
- 2) ЖСН көрсетілген, заңды өкілдің жеке куәлігінің көшірмесі;
- 3) 086/у нысанындағы медициналық анықтама (денсаулық төлқұжаты) және 063 нысандағы медициналық анықтама (екпе төлқұжаты);

4) үміткердің барлық алдыңғы оқу жылдарындағы үлгерім табельдерінің түпнұсқалары;

5) Қазақстан Республикасы ОАМ-мен бекітілген үлгідегі оқушының жеке іс-парағы;

6) оқушының 3x4 өлшемдегі фотосуреті – 2 дана.

6.5. Осы Ереженің 6.5-тармағында көрсетілген барлық құжаттар көк түсті пластик папкаға салынып, мектепке тапсыратын кезде ұсынылады.

6.6. Құжаттарды қабылдаудан бас тартуға мыналар негіз болуы мүмкін:

- 1) оқуға қабылдау туралы өтінішті белгіленген мерзімнен кешіктіріп беру;
- 2) 6.5-тармақтағы тізімде көрсетілген құжаттарды толық ұсынбау, сондай-ақ мәліметтердің дұрыс берілмеуі.

7. Үміткерлердің резервтік тізімін қалыптастыру тәртібі және резервтік тізімнен үміткерлерді РФММ-ға тіркеу

7.1. Конкурс нәтижелері бойынша қабылдау комиссиясы білім беру грантына түсу үшін жеткілікті балл жинамаған, бірақ жалпы балл санының 50% жинаған үміткерлердің резервтік тізімін қалыптастырады.

7.2. Мемлекеттік білім беру гранты резервтік тізімдегі үміткерлерге босаған орындарға беріледі.

7.3. Қабылдау емтихандарының нәтижелері тиісті оқу жылының екінші тоқсанының басына дейін жарамды.

8. Форс-мажор жағдайлары

8.1. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде Конкурстық іріктеуді өткізу мерзімі «РФММ» КеАҚ Басқармасының шешімімен өзгертілуі мүмкін.

8.2. Форс-мажорлық жағдайлар деп: жер сілкінісі, өрт, су тасқыны, ереуіл, эпидемия, пандемия, жарылыстар, соғыс қимылдары және басқа да табиғи апаттар есептеледі.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Конкурс арқылы іріктеуден өткен және білім беру грантын алған үміткердің заңды өкілі құжаттарды тапсырғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде «РФММ» КеАҚ Басқармасы бекіткен үлгі бойынша білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасайды.

9.2 Үміткерлер мен олардың ата-аналары (заңды өкілдері) «РФММ» КМҚ филиалы туралы Ережемен, РФММ Ішкі ережелерімен, сондай-ақ мектептің <https://fizmat.kz> сайтында оқу процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен танысуы қажет.

9.3. Осы Ережемен реттелмеген мәселелерді бекітілген нормативтік құқықтық актілерге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес «РФММ» КеАҚ Басқармасы шешеді.

9.4 Осы Ережеге «РФММ» КеАҚ Басқармасының шешімімен өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

«РФММ» КеАҚ филиалдарында 7, 8 сыныптарда
оқуға білім беру грантын беру бойынша
конкурстық іріктеуді өткізу Ережесіне
Қосымша



Конкурста өзін-өзі ұстау Ережелерін бұзған үміткерден тыйым салынған заттарды
табу және емтихан тапсыру орнынан шығару туралы

АКТІ

Тыйым салынған заттарды табу фактісін тіркеу күні мен уақыты:

« ____ » _____ 202__ ж. ____ сағ. ____ мин.

Қабылдау комиссиясының төрағасы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

Проктор _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

7/8 сыныпта оқуға үміткерден

(тегі, аты, әкесінің аты)

тестілеу кезінде мына заттарды:

(ұялы телефон, оқу-әдістемелік материал, деректер мазмұны бар шпаргалка парағы
және т. б.) анықтады.

Бұл «Республикалық физика-математика мектебі» КеАҚ-да оқуға түсуге арналған
Конкурстық іріктеуді өткізу Ережелерін бұзу болып табылады.
Осы фактіні ескере отырып, үміткерден табылған заттар, емтихан материалы тәркіленді,
үміткер емтихан тапсыру орнынан шығарылды және тестілеу нәтижелері жойылды.

(осы актіні жасаған тұлғаның қолы мен аты-жөні)

Актімен таныстым: _____
(Үміткердің қолы және ТАӘ)